

6D011100 – Информатика мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған Ануарбекова Гулзат Джапархановнаның «Ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Егеменді елімізді дүние жүзі елдерімен терезесі тең болатын дәрежеде өркендететін, негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті жастарымыз. Олардың бойындағы дарынын қабілетін дамыту, патриоттық сезімін оятып, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу – ұстаз, ата-ана және қоғам қауымының міндеті. Жеке тұлғаны білім алуға баулу бұл – оны ғылым мен мәдениетке үйрету, білім, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту. Бұл аталған міндеттерді іске асыру үшін жеке тұлғаның ұлттық ерекшелікті түсіндіре отырып қалыптастыру маңызды. Жеке тұлғаның бойында ұлттық ерекшелік туралы ой-өрісін қалыптастыру мемлекеттік деңгейдегі мәселе деп айтуға болады. Ал, білім мазмұны ұлттық ерекшеліктер туралы енгізуді қажет етеді. Сондықтан, негізгі мектептегі информатиканың «алгоритмдер және программалау» бөлімшесін оқыту үдерісін құруда өмір сүру салтының, ұлттық мәдениеттінің, мекендеу ортасының және тағы басқа ерекшеліктерін ескеру үшін ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесінің алатын орны зор. Осы орайда ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқыту диссертациялық жұмыстың өзекті мәселеге арналғанын көрсетеді.

Г.Д.Ануарбекованың диссертациялық жұмысында мектептегі алгоритмдеу және программалауды оқыту мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалынды, «ұлттық ерекшеліктер» ұғымы анықталды; ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқытудың қажеттілігі анықталды; ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқыту әдістемесі жасалды; алгоритмдеу және программалау бөлімшесі бойынша ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жинағы құрастырылды.

Докторант Ануарбекова Г.Д. оқу барысында оқу жоспарына сай барлық тапсырмаларды уақытылы орындады. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Scopus мәліметтер қорына кіретін басылымда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, ресейлік, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарында жарық көрді. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу материалдарының негізінде «Алгоритмдеу және программалау тілі. Ұлттық ерекшеліктер негізінде есептер жинағы» атты оқу-әдістемелік құралы жарық көрді.

Аталған диссертациялық жұмыс толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сай орындалған. Г.Д.Ануарбекова 6D011100 – Информатика мамандығы бойынша дайындалған «Ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,
Қазақ ұлттық аграрлық
зерттеу университеті,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор**



Б.Ө.Медеуов